

Семинар

<<Табиғат - біздің досымыз>>

Әнұран

Би: <<Күн мен ай>>

Күн: Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды даламыз,
Жарқырайды қаламыз,
Қайырлы таң бақшамыз!

Ай: Тынық түнде төбеңде
Төгіп тұрар ай нұрын
Тұнық көлдің төменде
Тербетеді айдынын
Ай сәулесін ақ күміс
Айналаға төгеді

Күн: Сәлем берем, сәлем беру салтымыз,
Сәлемменен сөз бастаған халқымыз.
Аман – есен жүрмісіздер жалпыңыз,
Армысыздар, жиылған жұрт халқымыз.

Ай: Ортаға қол ұстасып біз шығайық,
Өмірдің шапағатын біз құрайық.
Көрсетіп балаларымыздың өнерлерін,
Бүгінгі семинарымызды ашық деп жариялайық.

Музыкалық көрініс:<< Жыл мезгілдері >>

Күн: Көктем:
Көп оқыған, көп көрген
Күнін мәнді өткерген
Басталады жыл басы
Нұр сипатты **көктемнен.**

Наурыз келді. Жыл кірді
Күй шалқыды, күмбірлі
Келер біздің жаңа жыл
Кім білмеді, кім білді?

Сәуір келді. Көк шықты
Жердің тоңы көпсіпті
Ботақандар тайраңдап
Қошақандар оттықты

Мамыр келді. Майдай нұр
Жайнайды қыз, жайнайды ұл
Қаптап кетті бақшада
Күндей гүл мен айдай гүл

Ай: Жаз:

Көктемнен соң **жаз келер**
Жер құлпырып, сәнденер
Қыс қысымын көргендер
Есін жиып әлденер

Маусым келді. Мап - маңғаз
Жан - жануар болған мәз
Жасыл әлем көк аспан
Осы екен ғой арман жаз

Шілде келді, шіліңгір
Аспан болмас бұлыңғыр
Шөлдеді ғой шөптер де
Күн жаусайшы бүгін бір!

Тамыз келді, таң нұры
Жер қайтадан жаңғырды
Бір күні бар шуақты
Бір күні бар жаңбырлы

Күн: Күз:

Жаздан кейін **күз келер**
Күз қадірін білген ел
Жазғы жасыл жапырақ
Қызыл, сары түрге енер

Қыркүйек пе? Ғажап бұл
Балапанды санап тұр
Бара жатқан бақшаға
Бізге мәз боп қарап тұр.

Қазан келді. Қара жел
Қара желім, соға бер
Қазан - қазан толған кез
Еліме құт бола көр!

Қараша ма? Қараша
Тамаша емес ол аса
Жаурап, тоңып талшыбек
Жылар жетім балаша

Ай:Қыс:

Күзден кейін **қыс келер**

Қызыл аяз тістенер

Сурет салар қыраумен

Жасай алмас еш шебер

Келген мынау - **Желтоқсан**

Қар бораған, жел соққан

Жылым бітіп қалыпты - ау

Он екі рет толғатқан

Қаңтар келді. Қар қалың

Әппақ әлем бар маңым

Күн суытып кетсе де

Мен бақшадан қалмадым

Ақпан келді. Ақ боран

Ақ боранға щат болам

<< Тоңбаймын >> - деп аяздан

Достарыма мақтанам

Ай: << Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас >> - М. Әуезов . Қазақ халқы бала тәрбиесіне бей – жай қарамаған. <<Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы >> деп бала тәрбиесіне аса зор жауапкершілік жүктеген.

Тәрбе мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбиемен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тірбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан – жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс – тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр..

Күн: Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр – сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау керек. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу

. Семинарымыздың тақырыбы <<**Табиғат - біздің досымыз** >>.

Бұл жобада 6 тақырыпты қорғағалы отырмыз. Олар:

1. <<**Модульдік оқыту технологиясы** >>
2. <<**Экологиялық пирамида технологиясы** >>
3. <<**Ойлан, есте сақтау** >> әдісі
4. <<**Табиғатқа көрік берген көбелектер** >>
5. <<**Тұлғаға бағытталған технология** >>
6. <<**Буктрейлер технологиясы** >>

Күн: Жобаның мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, білімге құштарлығын, логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, оны қорғауға ұйымшылдыққа өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Табиғатты түсінуге және оны бағалауға үйрету, табиғатқа деген рақымсыздықпен күресуге көмектесу.

Ай: 1.<<Модульдік оқыту технолгиясы >>

Модульдік оқыту технолгиясы балалардың оқу мотивациясын күшейтіп, шығармашылық ізденістерге жетелейді, бұл технолгия жеке баланың білім сапасын анықтауға бағытталады. Балаға берілетін білімді алдын ала модульге бөліп алып, үйрету өзінің тиімді нәтижесін береді. Білім алушының мүмкіндігіне қарай модульдік оқытуда мәтіннің мазмұны бөліктерге бөлініп беріледі. Демек, модуль - іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік деп саналады.

Күн: 2. <<Экологиялық пирамида технологиясы >>

Экологиялық пирамида - бұл өндірушілерден басталып, тұтынушылармен аяқталатын тамақ тізбегінің көрінісі. Өндірушілер пирамиданың түбін құрайды. Өсімдіктер күн сәулесінің көмегімен тағамды өздері жасайды, сондықтан оларды өндірушілер деп атайды. Олардың үстінде осы өсімдіктерді жейтін жануарлар, шөп қоректілер. Шөпқоректі жануарларды өз кезегінде жыртқыштар жейді. Жыртқыштарды тұтынушылар тұтынады. Тұтынушылар экологиялық пирамиданың жоғарғы бөлігін құрайды.

Ай: 3. <<Ойлан, есте сақтау >> әдісі

Бүгінгі күн талабы-баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын-баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет.

Күн: 4. <<Табиғатқа көрік берген көбелектер >>

Жаз келсе, көк орай шалғында көбелек қуып ойнайтын балалықтың бақытты сәттері қаншама. Әсіресе, қалада туып, қалада өскен балалар үшін. Соданда болар гүлзар бақтағы гүлдердің арасында әдемі көбелектерге көзіміз түсе қалса, кәдімгідей қуанамыз. Иә, қызыл ала, ақ - сары, көгілдір көбелектер біреуге балалығын есіне түсірсе, енді біреуді жаратылыстың сұлулығындай еліктіріп, еріксіз тамсандырады.

Бұл жоба болашақ ұрпақ балаларға көбелектің ерекше қасиеттері мен сыртқы түрін, тіршілік ету мекенімен бейнесін ашып көрсету. Көбелектің түрлерін талдап, толық мәліметтер беру. Табиғатпен үйлесімділікте өмір сүре алатын, айналадағы қршаған ортаға деген өзінің іс - әрекеттерін сезіне білуге қабілетті экологилық ойлау өрісі дамыған тұлғаның қалыптасуы. Жер шарында көбелектердің түрлері кең таралған. Қабыршық

қанаттылардың 200ге жуық тұқымдасқа бірігетін 140мыңдай түрі белгілі. Қазақстанда 3 мыңға жуық түрі кездеседі.

Ай: 5. <<Тұлғаға бағытталған технология >>

Жеке тұлғаға бағыттап оқыту дегеніміз баланың қажеттіліктерін, ерекшеліктерін, іс-әрекетін ескеретін жан-жақты, интеллектуалды ойлау қабілетін, өз бетінше шешім қабылдай алатын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын тұлғаның «мәденитаралық қарым-қатынас субъектісін» қалыптастыру. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту –бұл жеке тұлғаның белсенділігіне жету. Барлық оқу процесін белсенділендіру жоспарында ең маңыздысы практикалық сабақтарда берілген мүмкіндіктерді барынша қолдану.

Күн: 6. <<Буктрейлер технологиясы >>

Буктрейлер-кітапқа негізделген қысқа бейне; бейне кітап аннотациялары;кітаптың ең жарқын және танымал сәттерін қамтитын миниатюралық бейне оның мазмұнын бейнелейді; кез-келген кітап туралы еркін көркем түрде баяндайтын шағын бейне. Біз кинотеатрларға барамыз және көруді бастамас бұрын кинотеатрға жақын арада келетін фильмдер туралы қысқа жарнамалық трейлерлерді көреміз. Кітап көрмелері кітапханаларға кітаптарды жылжытудың заманауи әдісін - буктрейлерлерді - бейне форматындағы кітаптардың аннотацияларын алмастыратын сияқты. Ұзақтығы 3 минуттан аспайтын бейнеде кітап туралы ақпарат беріледі, сондықтан сіз оны бірден алып, оқығыңыз келеді.Буктрейлерлерді жасау нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Мүмкіндіктер іс жүзінде шексіз. Ең оңай нұсқа: презентация форматындағы слайд-шоу. Қаласаңыз, бүкіл фильм түсіре аласыз.Мұндай роликтердің мақсаты - оқуды насихаттау (кітап туралы айту, қызығушылық таныту,оқырманды қызықтыру үшін), кинофильмдерге арналған трейлерлерге тән көрнекі құралдардың көмегімен кітаптарға назар аудару. Мұндай бейнелер заманауи кітаптарға да, әдеби классикаға айналған кітаптарға да түсіріледі. Буктрейлерлердің көпшілігі танымал бейне хостингтерге орналастырылған, бұл олардың Интернет желісінде белсенді таралуына ықпал етеді.

Қорытынды сөз: Табиғат - адамзаттың анасы. Дүниеге есігін ашқан сәбиге бар ризығы мен несібесін тосатын ана сынды табиғатта буыны қатаймаған адам баласына бар болмысын беріп, береке сыйлайды. Ырысымен бөліседі. Бала шақтан өтіп, ержеткен шақта анамызға қалай қамқор қылғанымыз сынды табиғат анағада солай қамқорлық қылуымыз қажет. Ананың ашуымен қаһары қашанда ауыр. Табиғат - ананыңда қаһары адамзатқа жеңіл болмас.



СЕН - БҰЛБҰЛСЫҢ.
АДАМҒА СҰЛУЛЫҚ
ШЫН ҰҚТЫР





СЕН КӨЛСІ
СЕН -
АДАМҒА
ШЫН





"Табиғат - біздің досымыз"

"Qazyna balabaqshasy" ЖШС бөбекжай-балабақшасының
"Табиғат - біздің досымыз" атты жобасының қорытынды семинары

ТАБИҒАТ, СЕН ТІРШІЛІКСІҢ
ТУНЫП ТҮРҒАН.
СЕН КҮНСІҢ КӨТЕРІЛГЕН
КҮЛІП ҚЫРДАН.
СЕН КӨЛСІҢ, СЕН ОРМАНСЫҢ.
СЕН - БҮЛБҮЛСЫҢ,
АДАМҒА СУЛУЛЫҚТЫ
ШЫН УҚТЫРҒАН!



БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ

маву" ЖШС бөбекжай-балабақшасының
ыз" атты жобасының қорытынды семинары

ТАБИҒАТ, СЕН ТІРШІЛІКСІҢ
ТУНЫП ТҮРҒАН.
СЕН КҮНСІҢ КӨТЕРІЛГЕН
КҮЛІП ҚЫРДАН.
СЕН КӨЛСІҢ, СЕН ОРМАНСЫҢ.
СЕН - БҮЛБҮЛСЫҢ,
АДАМҒА СҮЛУЛЫҚТЫ
ШЫН ҰҚТЫРҒАН!





